

Жұмысшылардың денсаулық жағдайын кешенді бағалау. Алдынала және кезеңдік медициналық тексерулер. Өндірістегі аурушаңдық. Жұмыс істейтін халықтың денсаулық жағдайымен аурушаңдығын талдау.

Жоспар

- 1. Емдік профилактикалық ұйымдардың функциясы**
- 2. Өнеркәсіптік кәсіпорындардағы жұмысшылардың реабилитациясы келесі этаптарда өтеді:**
- 3. Жұмысшылардың организміне кәсіптік факторлардың әсері**
- 4. Өндірістегі аурушаңдықты зерттеу әдістері**

Қазақстандағы профпатология. № 1 кестеде ҚР 12 жыл ішіндегі кәсіптік аурулар жағдайының динамикасы көрсетілген.

Кесте 1. ҚР 1991-2012 жыл аралығындағы кәсіптік аурулар жағдайының динамикасы

<i>Жылдар</i>	<i>Жағдайлар</i>	<i>Жылдар</i>	<i>Жағдайлар</i>
<i>2001</i>	<i>2100</i>	<i>2007</i>	<i>864</i>
<i>2002</i>	<i>2111</i>	<i>2008</i>	<i>501</i>
<i>2003</i>	<i>2232</i>	<i>2009</i>	<i>389</i>
<i>2004</i>	<i>2129</i>	<i>2010</i>	<i>307</i>
<i>2005</i>	<i>1547</i>	<i>2011</i>	<i>403</i>
<i>2006</i>	<i>1245</i>	<i>2012</i>	<i>464</i>

- Алдын-ала медициналық тексерулер жұмысқа қабылданар алдында жүргізіледі.
- Оның мақсаты осы адамның денсаулық жағдайына байланысты нақты жағдайда немесе кәсіпте еңбек ете алу мүмкіншілігін анықтау болып табылады.

- Медициналық тексерулердің міндеттерінің бірі – тексерілушінің денсаулық жағдайында жұмысқа қабылдауға болмайтын мүмкін қарсы көрсеткіштерін табу.
- Нақты еңбек жағдайы немесе кәсіп үшін қарсы көрсеткіштер тізімі ҚР ДСМ бекітіледі. Сонымен қатар алдын ала медициналық тексерулер жұмысшыны диспансерлік есепке алуды талап ететін аурудың созылмалы түрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

- ❖ Кезеңдік медициналық тексерулердің мақсаты зиянды кәсіптік факторлар жағдайында жұмыс істейтін жұмысшылардың денсаулық жағдайына динамикалық бақылау.
- ❖ Олардың міндеттері – кәсіптік аурудың алғашқы белгілерін анықтау, кәсібі бойынша жұмыс істеуді жалғастыруға кедергі келтіретін жалпы аурулардың диагностикасын анықтау. Сонымен қатар өзгерген функцияларды қайта қалпына келтіру үшін профилактикалық және реабилитациялық шаралар анықталады.

Жұмысшыда кәсіптік ауру белгілері анықталған жағдайда кәсіптік аурудың ақырғы диагнозын қоюға қайда жіберіледі (кәсіптік ауру диагнозын қоюға басқа мекемелердің құқығы жоқ)

профпатология орталығына

облыстық емханалардың профпатология бөлімшелеріне

республикалық емханалардың профпатология бөлімшелеріне

- Кәсіптік ауруы бар немесе кәсібімен байланыстыруға мүмкін денсаулығында ақауы бар адамдар диспансерлік есепте тұрулары керек.
- Жұмысшыларды кезеңді және алдын-ала медициналық тексерулерден емдік профилактикалық мекемелер (сол райондарға қатысты ұйымдар) және денсаулық жағдайы бойынша кәсіптік жарамдылықты бағалайтын лицензиясы бар кәсіптік патология орталықтары жүргізеді.

- Тексерулер жүргізетін дәрігер мамандар жетіспесе немесе жоқ болса керекті зерттеулер көрсетілген қызмет түріне лицензиясы бар басқа денсаулық сақтау ұйымдарының көмегімен жүргізіледі.
- Медициналық тексерулердің барлық мәліметтері амбулаториялық аурудың медициналық картасына тіркеледі.

- ❖ Алдын ала медициналық тексерулердің мәліметтері арнайы бланктерге жазылады. Куәландыруға қатысқан әрбір дәрігер кәсіптік жарамдылығы туралы өзінің қорытындысын береді.
- ❖ Амбулаториялық ауру формасының әрбір парағында кәсіптік маршрут мәліметтері беріледі.

- Алдын ала және кезеңдік медициналық тексерулер өткеннен кейін әрбір адам үшін тексеру біткеннен кейін кәсіптік жарамдылық туралы қорытынды беріледі және емдік-сауықтыру шаралары белгіленеді (стационарға жолдама және санитарлық-курорттық ем, диеталық тамақтану, динамикалық бақылау, денсаулық жағдайы бойынша уақытша басқа жұмысқа ауыстыру).

- Кәсіптік жарамдылық туралы медициналық қорытынды, денсаулық жағдайы бойынша уақытша немесе тұрақты басқа жұмысқа ауыстыру, ұйымның администрациясы орындау үшін міндетті болып табылады.

Санэпидқызметінің органдары өткен жылдың 1 декабрінен қалмай, алдын ала және кезеңдік медициналық тексерулерге кіретін контингенттерді анықтайды (кәсібі, зиянды және қауіпті өндірістік факторлары бойынша)

Санэпидқызметінің органдары алдын ала және кезеңдік медициналық тексерулердің толық қамтығандығын, сапасын және уақытымен жүргізгендігіне бақылау жүргізеді.

Санэпидқызмет
мемлекеттік
органдарының
функциясы

Санэпидқызметінің органдары кезеңдік медициналық тексерулердің нәтижелерін талдап қорытуға және қорытынды актілерге қол қоюға қатысады.

Санэпидқызметінің органдары емдік проф ұйымдардың сұрауымен еңбек жағдайының санитарлық-гигиеналық сипаттамасын береді.

Емдік профилактикалық ұйымдардың функциясы

- Емдік профилактикалық ұйымдар санэпидқызметпен келіскен медициналық тексеруге кіретін контингенттердің тізімін алғаннан кейін тексеруді жүргізу үшін комиссия құрады және мамандардың тізімін анықтайтын, лабораториялық және басқа зерттеулердің түрін, комиссияның жұмыс уақытын және мезгілін анықтайтын календарлық жоспар құрады. Жоспар ұйым администрациясымен келісіледі.

□ Емдік профилактикалық ұйымдар кәсіптік аурулар бойынша дәрігерлер дайындауды қамтамасыз етеді, кәсіптік қызмет және еңбек жағдайының сипаттамасымен танысады, тексерулер жүргізудің сапасын қамтамасыз етеді, тұрақты істеп жатқан дәрігерлік медициналық комиссияның медициналық қорытындысын жүргізеді (врач-профпатолог, терапевт, невропатолог, отолоринголог, окулист, дерматовенеролог, хирург).

- ❑ Медициналық тексерулерді ұйымдастыру және сапалы жүргізуді қамтамасыз ететін негізгі жауап беруші, медицина ұйымының дәрігер профпатологы болып табылады (дәрігерлік медициналық комиссияның председателі).

- ❑ Емдік профилактикалық ұйымдар жұмысшылардың кезеңдік медициналық тесерулерінің нәтижелерін жыл сайын талдап қорытады және 4 экземплярда қорытынды акт құрады, олар мемлекеттік сан қызмет органдарына тапсырылады.

- Акт қосымшасында басқа жұмысқа ауысатын, стационарлық ем, диеталық тамақ керек ететін адамдардың тізімі беріледі. Қол қойылғаннан кейін акт администрацияға, профкомға, мемсанқызмет органдарына жіберіледі. 1 экземпляр емдік профилактикалық ұйымда қалады.
- Созылмалы кәсіптік аурудың белгілері анықталған жағдайда тексерілуге және диагнозды дәлелдеуге профпатология орталықтарына жіберіледі.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардағы жұмысшылардың реабилитациясы келесі этаптарда өтеді:

- ✓ Өнеркәсіптік ұйымдарда – жұмыс ауысымының графигін есепке ала отырып біріншілік медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау дәрігерлік пунктерінде;
- ✓ Стационарлық медициналық көмек көрсету стационарларда жүргізіледі (клиникаларда) – стационарлы этап.

- ✓ Жұмысшы контингентті сауықтыру (диспансерлік бақылау емдеу және медициналық реабилитация) поликлиниканың қайта қалпына келтіру терапиясы бөлімінде және басқа емдік профилактикалық мекемеде жүргізіледі (поликлиникалық этап).
- ✓ Сауықтыруды керек ететін адамдар профилакторийларға және емдік-сауықтыру оралықтарына жіберіледі (санаториялық этап)

- ❑ Кәсіптік аурулар – өндірістік орта және еңбек процессі жағымсыз факторларының әсерінен пайда болатын аурулар.
- ❑ Кәсіптік зияндылықтардың әсерінің деңгейіне және ұзақтығына байланысты: жедел, подострые және созылмалы кәсіптік аурулар болып бөлінеді.
- ❑ Жедел кәсіптік ауру (интоксикация) жұмыс зонасы ауасындағы химиялық заттардың салыстырмалы жоғары концентрациясының бірреттік әсерінен кейін, сонымен қатар басқа да жағымсыз факторлардың деңгейі мен дозасынан кейін кенеттен пайда болады.

- ❑ Орта жедел кәсіптік ауру (интоксикация) химиялық заттардың немесе басқа да кәсіптік зияндылықтардың қайталанған әсерінен аз уақыт ішінде байқалады.
- ❑ Созылмалы кәсіптік ауру (интоксикация) жағымсыз кәсіптік факторлардың организмге ұзақ системалы әсерінен пайда болады.

Жұмысшылардың организміне кәсіптік факторлардың әсері

Спецификалық	Спецификалық емес
1. Кәсіптік аурулар	1. Шаршау
2. Кәсіптік жедел уланулар	2. Қажу
3. Кәсіптік созылмалы уланулар	3. Спецификалық емес аурулар
4. Алыстатылған әсерлері (мутагенді, тератогенді, эмбриотропты, канцерогенді әсерлері).	4. Стресс

Кәсіптік аурулар тізімі

Класс 1. Химиялық факторлар әсерінен туындайтын аурулар.

Класс 2. Фиброгенді әсерлі өнеркәсіптік аэрозольдердің әсерінен туындайтын аурулар

Класс 3. Физикалық факторлар әсерінен туындайтын аурулар.

Класс 4. Бөлек органдар мен жүйелердің асыра физикалық жүктемеленуінен туындайтын аурулар

Класс 5. Биологиялық факторлар әсерінен туындайтын аурулар (инфекционды және паразитарлы).

Класс 6. Аллергиялық аурулар.

Класс 7. Ісіктер.

- Кәсіптік аурушаңдық – өндірістік орта және еңбек процессінің зиянды факторларының әсеріне ұшыраған, 100, 1000, 10000, 100000 жұмысшыларға есептегенде, кәсіптік аурулары және уланулары бар аурулардың жыл бойында жаңадан анықталған сандарының көрсеткіші.
- Өндірістік себепті аурушаңдық – әртүрлі этиологиялы жалпы аурулармен, жағымсыз еңбек жағдайында жұмыс өтілі ұлғайған сайын жоғарылауға тенденциясы бар және зиянды факторлармен контакта болмаған кәсіптік топтардан асатын аурушаңдық.

Өндірістегі аурушандықты зерттеу әдістері



Жұмысшылардың
денсаулық
жағдайын зерттей
отырып,
аурушандықтың 3
негізгі әдістерін
қолданады:

а) аурушандық жұмысқа
қабілеттіліктің уақытша
төмендеуімен

б) медициналық
профилактикалық
тексерулер нәтижелері
бойынша аурушандық

в) өлім-жітім себептері
бойынша

❖ А) Аурушандық, уақытша жұмысқа қабілеттілікті жоғалтумен.

- ❖ Жұмыс істейтіндердің аурушандық анализінің негізгі формасы болып уақытша жұмысқа қабілеттілікті жоғалтумен аурушандық (ВУТ) болып табылады.
- ❖ Бұл аурушандықты еңбекке жарамсыздық қағазы бойынша есептейді, бұл қағаз тек медициналық құжат қана емес, финанстық қағаз, өнеркәсіптің бухгалтериясында сақталады.

- ❖ Бұл аурушандық есептік болатын №16 ВН формасы бойынша зерттеледі, бөлек және суммарлы аурулар мен ауру топтары бойынша оқиға және жарамсыздық күндер абсолюттік санын құрайды

- ❖ б) Медициналық профилактикалық тексерулер нәтижесі бойынша.

- ✓ Терең зерттеулер кәсіпорында 1 жылдан кем емес уақыт жұмыс істегендер үшін полицевого жұмысшылар есебі негізінде жүргізіледі (ең жақсысы толық 3 жыл, жұмысшылардың 3 жылдық есебі деп аталады). Аурушандықты өңдеу ауру номенклатурасы бойынша жұмысшының жынысын, жасын, жұмыс өтілін және кәсібін міндетті түрде ескере отырып жүргізіледі.


- Уақытша жұмысқа қабілеттілікті жоғалтумен аурушандықты терең зерттеуде еңбекке жарамсыздық қағазы немесе «жеке есеп картасы» қолданылады, ол әр жұмысшыға толтырылады. Екі топ жұмысшыларының аурушандығына терең салыстырмалы анализ жасау керек болған жағдайда, жасы үлкен-кішілігіне қарай топтар құрылымы стандартизацияға ұшырайды.

в) өлім-жітім себебі бойынша.

Республикадағы тұрғындар өлімінің негізгі себептері (2012 жылдың соңында) қан айналымы жүйесінің аурулары (51,9%), бақытсыздық жағдайлар, уланулар және травмалар (14,6%), қатерлі ісіктер (11,5%)

1 сурет. Дүниежүзі бойынша еңбекке байланысты өлім-жітімнің негізгі себептері

ныс алу жүйесі аурулары (5,3%), және т.б. аурулар (5% дан төмен) болып табылады.



Дүниежүзіндегі әртүрлі региондар бойынша мәліметтерді сараптау жүргізгенде жағдай басқаша болады, 2 суреттегі диаграммада көрсетілген.




Рис. 2. Региондар бойынша еңбекке байланысты туған өндірістердегі бақытсыздық жағдай және аурулар нәтижесіндегі өлім-жітім

Аурушандықты сипаттау үшін интенсивті және экстенсивті аурушандық көрсеткіштері қолданылады.

Интенсивті көрсеткіштер:

- а) аурудың жалпы интенсивтік көрсеткіштері, 100 жұмысшыға есептегенде ауру оқиғасының санмен көрсетілуі;

- б) бұл көрсеткіш 100 жұмысшыға есептегенде жұмысқа жарамсыздық күндер санымен көрсетіледі.

2. Экстенсивті көрсеткіштер, процентпен есептегенде, әр форма бойынша ауру оқиғалары күндерінің ауру оқиғаларының жалпы сандарына қатынасы, жынысы және жасы бойынша ауру оқиғалары сандарының аурудың жалпы санына қатынасы.

- Бұл көрсеткіштер жұмысшылардың аурушандығын ауру оқиғалары, жұмысқа жарамсыздық күндері және жарамсыздықтың орташа ұзақтығы туралы материалдарды статистикалық өңдегенде және сараптағанда қолданылады.